




Қасым-Жомарт Тоқаев шекарадан өту кезіндегі шектен тыс бюрократиялық рәсімдерден арылу жолын ұсынды

Мемлекет басшысы **Қасым-Жомарт Тоқаев** халықаралық аренадағы өзгерістер кезеңінде Орталық Азия елдерінің Еуразиядағы негізгі транзиттік торапқа айналуға бірегей мүмкіндігі барын атап өтті.

Бұл орайда Мемлекет басшысы тек келісімді әрі үйлесімді әрекет еткенде ғана аймақтың әлеуеті толық ашылатынына сенімді. — Бір-бірін қайталайтын тексерістерден, шекарадан өту кезіндегі шектен тыс бюрократиялық рәсімдерден арылу үшін Жүкті тасымалдаудың бірыңғай электрондық жүйесін енгізу мәселесін қарастырған жөн. Ай-

мақтың әлеуетін одан әрі нығайту үшін Орталық Азияның көлік жүйесін дамытудың кешенді стратегиясын бірлесіп әзірлеуді ұсынамыз. Шекара маңында қалыпта-сып келе жатқан өнеркәсіп хабы кең мүмкіндікке жол ашады. Оны дамыту аясында жоғары технологиялық жобаларды іске қосуға баса назар аударған жөн, — деді Президент.

Созақ аудандық мәслихаты
ШЕШІМ
17.11.2025 жыл №31

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз екінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз екінші сессиясы 2025 жылғы 21 қараша, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы
О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс отыз екінші сессиясы 2025 жылғы 21 қараша, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекенжайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 21 қараша, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 21 қараша, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына

мына мәселелер ұсынылады:

1.Созақ ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимі бойынша салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы.

2.Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі «Созақ ауданы әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрамын бекіту туралы» №50 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

3.Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі «Созақ ауданы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» №52 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4.Созақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі өңірлік ведомствоаралық штабының құрамын бекіту туралы» №51 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

5.Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 ақпандағы «Аудан әкімдігі жанындағы кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының құрамын бекіту туралы» №95 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы
О.Жәмиев

Ынтымақтастықты нығайтуда



Парижде (Франция) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы Дархан Жазықбай мен Француз Ұлттық мемлекеттік қызмет институты (INSP) директоры Маривон Ле Бринонен мемлекеттік қызмет, басқарушылық кадрларды даярлау және ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ниет декларациясына қол қойды.

Декларация ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен Француз Ұлттық мемлекеттік қызмет институтының мемлекеттік қызмет

жүйесін жетілдіру, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттерін арттыру және мемлекеттік саясат саласында заманауи тәсілдерді енгізуді, әріптестік пен тәжірибе алмасуды көздейді.

Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына: Мемлекеттік саясат саласындағы мемлекеттік қызметшілер мен мамандардың оқу бағдарламалары және құзыреттерін дамыту; Бірлескен зерттеу жобалары, сондай-ақ форумдар, симпозиумдар, конференциялар және сараптамалық кездесулер сияқты ғылыми және сараптамалық іс-шараларды өткізу;

Озық тәжірибе мен біліктілікті арттыру бағдарламаларымен алмасу, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге арналған тағылымдамалар кіреді.

Дархан Жазықбай Декларацияның әріптестікті нығайтудағы маңызын атап өтіп, «Қазақстан Президентінің ұстанымы-адамға бағдарланған және сервистік мемлекеттік қызметті қалыптастыру».

Осы бағытта біз халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде француз әріптестерімізбен диалогты кеңейтіп келеміз. Біздің мақсатымыз-нақты нәтижесін беретін әрі мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға көмектесетін шешімдер енгізу», — деді.

Қол қойылған құжат мемлекеттік қызмет саласындағы кәсіби ынтымақтастықты нығайта отырып, білім, әдіснама және үздік тәжірибе алмасудың жаңа мүмкіндіктерін ашады деп күтілуде.

«Созақ үні»-ақпарат.

Баспасөз-
2026

Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар! Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды. «Созақ үні» газетіне жазылу үшін:

«Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.

«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға-жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға-3000 теңге.

«Созақ үні» газеті
редакциясы.

Статистика қызметіне-105 жыл



қаға деген қоғам сенімін нығайтып отыр. Статистика—мемлекеттің дамуына нақты дәлел ұсынатын сала, дерек пен сенімді ақпараттың бастауы. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында экономика мен әлеуметтік саясат жүзеге асып, маңызды шешімдер қабылданады. Түркістан облысының даму көрсеткіштері де осы сапалы статистикалық деректерге сүйеніп қалыптасып отыр. Сіздер—қоғамның барометрі—сіздер,—деді Нұралхан Көшеров.

Еңбектерін елеп,
ел алдында дәріптеді

Өткен аптада Түркістан қаласында Қазақстанның мемлекеттік статистика қызметінің 105 жылдығына арналған мерекелік іс-шара өтті. Салтанатты жиынға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров, сала ардагерлері мен өңірдің статистика органдарының қызметкерлері қатысты. Мерекелік іс-шара барысында облыс басшысы статистика саласының қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, олардың қоғам мен мемлекеттің дамуына қосып келе жатқан еңбегін жоғары бағалады.

—Бүгін біз Қазақстанның мемлекеттік статистика қызметінің 105 жылдық мерейтойын атап өтудеміз. Осы айтулы мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы Жолдауында ел дамуының жаңа басымдықтарын айқындады. Цифрлық даму, инвестиция тарту, экономиканы әртараптандыра отырып, шикізаттық сектордан терең өңдеуді дамытуды тапсырды. Осыған сәйкес статистика жүйесі заман талабына сай жаңарып келеді. Цифрлық трансформация, деректер сапасын бақылаудың жаңа тәсілдері, ашықтық пен сенімділікті арттыру бағытындағы реформалар—мемлекеттік статисти-

Жиында ҚРСЖРА Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Гүлнар Күнтуғанова «Мемлекеттік статистикаға 105 жыл: Қазақстанның ұлттық статистикасы жүйесінің бастауы мен бүгінгі жетістіктері туралы» тақырыбында баяндама жасады.

Ол өз сөзінде ұлттық статистика жүйесінің қалыптасу кезеңдеріне тоқталып, қазіргі уақытта енгізіліп жатқан цифрлық технологиялар, деректер сапасын бақылаудың жаңа әдістері мен ашықтықты арттыру шараларының маңызын атап өтті.

Салтанатты жиында салада ұзақ жыл еңбек етіп, өз кәсібіне адалдық танытқан бірқатар үздік қызметкерлерге облыс әкімінің Алғыс хаттары мен марапаттары табыс етілді. Марапатталушылар қатарында Созақ ауданы әкімінің орынбасары Серік Маманов, Шолаққорған ауылының әкімі Жеңісәлі Төлепбергелі, «Созақ үні» газетінің бас редакторы Мақсат Қарғабай, аудан әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Бекзат Мыңжасаровтар болды. Мерекелік іс-шарада қатысушыларға концерттік бағдарлама ұсынылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жеткіншек мөлтек ауданындағы
жаңа үйлер-жаңа мүмкіндіктер

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығындағы тұрғын үй және әлеуметтік нысандардың құрылыс аландарын аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын бақылауына алды.

Алдымен Жеткіншек мөлтек ауданында жеке инвесторлардың қаржысы есебінен салынған тұрғын үйлердің құрылысымен танысты. Бұл аумақта тұрғындарға қолжетімді баспана ұсыну бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асуда.

Бүгінгі таңда екі қабатты 3 тұрғын үйдің (жалпы 24 пәтер) құрылысы толық аяқталып, пайдалануға әзір. Сонымен қатар екі пәтерлі 13 тұрғын үйдің, яғни 26 пәтердің де құрылысы тәмамдалған. Осылайша Жеткіншек мөлтек ауданында 50 пәтерлі тұрғын үйлер ел игілігіне беруге дайын тұр.

Барлық баспаналар заманауи талаптарға сай салынған. Травертинмен қапталып, жылу және су жүйелері толық тартылған. Ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп, тұсқағаздары жапсырылған.

Бұдан бөлек, тағы 13 тұрғын үйдің (26 пәтер) құрылысы 90 пайызға аяқталған. Сондай-ақ, демеушілердің қолдауымен «Жаңғырту бағ-



дарламасы» аясында бой көтеріп жатқан екі қабатты 16 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы да жыл соңына дейін толық аяқталып, пайдалануға берілмек. Осылайша, биылғы жылы барлығы 92 пәтерлі жаңа тұрғын үйлер ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы аталған құрылыс нысандарындағы жұмыстардың сапасына ерекше назар аударды. Жауаптыларға құрылыс талаптарының сақталуын және мерзімінде аяқталуын қадағалауды тапсырды.

Сонымен қатар аудан ор-

талығындағы «Жастар саябағында» салынып жатқан жаңа арбат пен кітапхана ғимаратының құрылыс барысымен де танысты.

Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне бағытталған арбатта келушілерге қолайлы жағдай жасау, аумақты абаттандыру және жасыл желекпен көмкеру бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Ал жаңа кітапхана ғимараты қазіргі заман талабына сай жабдықталып, оның ішкі әрлеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Нысанның сыртқы қасбеттері де травертинмен қапталуда.

Ауданда күзгі тал егу жұмыстары
қарқын алды

Аудан аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында күзгі тал егу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Табиғатты қорғау бағытындағы бұл шараға ауылдық

округтер мен кенттер тұрғындары және жастар жұмыла қатысып келеді.

Бүгінгі таңда аудан бойынша 15 мыңға жуық тал көшеті отырғызылды. Көшеттер негізінен саябақтар мен көшелердің бойына, әлеуметтік нысандардың ауласында және елді мекендердің көрікті орындарына егілуде.

Жалпы биылғы күзгі маусымда аудан көлемінде 22 мың 500 түп тал көшетін отырғызу жоспарланған. Бұл жұмыстардың мақсаты ауданның экологиялық ахуалын жақсарту, жасыл желек аумағын ұлғайту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру.

Табиғатты аялауға бағытталған осындай шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таппақ.

«Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» орталығы ашылды

Созақ ауылында «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» орталығының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысты. Жаңа орталықтың жұмысымен танысып, маңыздылығына тоқталып өтті.

—Бүгін ашылып отырған бұл орталық елді мекен тұрғындарының өмір сапасын арттыруға, зейнеткерлер мен ерекше жандардың қоғамнан шет қалмай, белсенді өмір сүруіне жағдай жасайтын маңызды жоба. Бұл бағыттағы жұмыстар кезең-кезеңімен өз жалғасын табады,—деді аудан басшысы.

Шараға Түркістан облыстық



жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Мекенхан Қозыханұлы, облыс-

тық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев қатысып, орталықтың әлеуметтік маңызын жоғары бағалады.

Сонымен бірге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, ауданның Құрметті азаматы, Созақ ауылының қариясы Мұрат Жақсыбаев сөз сөйлеп, мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар үшін тұрғындар атынан алғыстарын жеткізді.

Жаңа орталықта 13 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Жаңа әлеуметтік нысан зейнет жасындағы ардагерлер мен 18 жастан асқан ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған. Мұнда бір мезетте 30-ға дейін адамға қызмет көрсету мүмкіндігі бар. Созақ ауылына жақын аумақта ор-

наласқан ауыл қариялары да қызмет алуға болады.

Орталықта тұз шахтасы, психологиялық терапия бөлмесі, дене шынықтыру залы, оқу және демалыс алаңдары, массаж кабинеті, бильярд пен шахмат ойнауға арналған бөлмелер қарастырылған. Барлық жағдайлар азаматтардың бос уақытын тиімді өткізуіне, денсаулығын нығайтуға және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Жиын соңында ауыл тұрғындары орталықтың ішін аралап, қызмет түрлерімен танысты.

**Аудан әкімінің
баспасөз қызметі.**

–Мұрат Әжінұрұлы, Мемлекет басшысының әр жолдауы-елдің ертеңіне берілген бағдар іспетті. Осы стратегиялық құжатта елдегі басты қағиданың бірі ретінде «Заң мен тәртіптің» белгіленгені белгілі. Тапсырмалардың орындалуы көңілден шыға ма?

– Биылғы Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және тәртіп»–мемлекетіміздің мызғымас тұғыры. Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық қазырылы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. ...Сонда ғана елімізде қазық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады» деп барлық дамудың бастауында заң мен тәртіп тұратынын айтты. Расында заң салтанат құрмаған, тәртіп сақталмаған мемлекеттің ілгері басуы қиын. Сондықтан прокуратура да бұл қағиданы басшылыққа ала отырып, көптеген іс-шараларға бастамашы болып келеді.

Күнделікті тәжірибе көрсеткендей мемлекеттегі заңсыздық пен қазық

енгізілген. Оның тиімділігі – кез келген азамат өзіне белгілі болған, өзі куәсі болған барлық қазық бұзушылықтар туралы дереу онлайн режимінде оқиға орнын (локациясын) көрсете отырып, қазырылы органдарға хабарлай алады және өз хабарламасы бойынша қандай әрекеттер жасалғанын білуіне мүмкіндік бар. Бұл прокуратура мен азаматтар арасындағы кері байланыстың тамаша үлгісі. Бүгінде телеграм-боттарға бұзушылық туралы 242хабарлама түскен. Соның ішінде азаматтар интернет-алаяқтық, жол-көлік оқиғасы, көшенің ластануы, жолдың сапасыздығы, бағдаршамның істен шыққаны, қоғамдық орындардағы бұзушылықтар, есірткі өсіру, сақтау бойынша хабарлама берген. Ел ішіндегі заңсыздықтарды қазырылы органдардың бірден байқамауы мүмкін. Ал мына телеграмм-бот көптеген заңсыздықтардың дер кезінде анықталып, шешімін табуына жол ашады.

–Инвесторлар - мемлекеттің дамуына ықпал ететін қуатты күш қана емес, ел мен елдің арасын жалғайтын алтын көпір. Инвесторларды



Мұрат Тлеубердиев, Түркістан облысының прокуроры:

да ғана Президентіміз айтқандай үш жылда цифрлық елге айналарымыз анық.

Айталық Қазықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің жетекшілігімен дайындалған «qatqor.gov» сервисі 2017 жылдан бері ел игілігіне қызмет етуде. Бұл мобильдік қосымша мемлекет мен азаматтар арасындағы жедел диалогтың тиімді қаралы ретінде мойындалған. Сервис халықтың қазық қорғау қарылымдарына онлайн сұраныс жолдап, жылдам қызмет алу жүйесін қалыптастырған бірегей жоба.

Сонымен қатар күнделікті қолданылатын Бірыңғай сотқа дейінгі тергеп-тексерулер тізімі (СДТБТ) қылмыстық істер туралы мәліметті бір орталыққа жинап, прокурорлардың қылмыстық іс бойынша әрекеттерді жіті қадағалауына мүмкіндік береді. Бұл сондай-ақ қылмыстық процесс қатысушыларына тергеу және қылмыстық құдалау органдарымен қашықтан байланысуға жол ашады.

Е-önish арқылы шағым-арызын мемлекеттік органдарға жолдаған азаматтар оның қаралу барысын және нәтижесін жүйе бақылап отыратынын да айта кеткен орынды. Бұдан бөлек, «Ахуал-

«Әділдік пен тәртіп-ел дамуының негізі»

бұзушылықтың дені хабарламаны тіркемеумен тікелей байланысты. Қылмысты жасырудың, азаматтарды негізсіз қылмыстық жауапкершілікке тартудың соңы жалпы әділдікке деген көзқарасты күйретеді. Мысалы, Түркістан ҚІБ қызметкерлері бір азаматшаның арызы негізінде «Дем» дүкенінің сатушысына қатысты қылмыстық іс бастаған. Арызданушы сатушыны кассадан қомақты сомада ақша қаражатын жымқырды деп көрсеткен. Прокуратура қадағалау тәртібінде осы іске араласып, сатушыға қатысты қылмыстық істі тоқтатты. Себебі, тергеу органымен Бас прокурордың Нұсқауының және ҚПК-нің қылмыстық істі тіркеуге қатысты талаптары бұзылған, яғни арыз иесімен аудиттік тексеру, ревизия қорытындысы, залал сомасын растайтын құжаттар ұсынылмаған. Егер әрбір адам қанша ақша жоғалғанын білмей тұрып, кімнің жымқырғанына көзі жетпей тұрып полицияға арыздана берсе, әрі оны полиция сүзгіден өткізбей тіркеп, тексеретін болса, айналамызда заңға, қазықтық қарылымдарға өкпелі жандардың саны көбейе бермей ме? Бұл – мемлекеттің қазықтық саясатына ғана емес, азаматтардың мүддесіне қарсы жасалған қадам.

–Қылмыс орбитасына заңсыз тарту деректері көп пе?

– Бүгінгі таңда бизнес субъектілеріне де қатысты басталған барлық қылмыстық істердің заңдылығы прокурорлар тарапынан жедел түрде зерделеніп, қазықтық баға берілуде. Өйткені, кәсіпкерлерді заңсыз қылмыс орбитасына тарту Бас Прокурордың қатаң бақылауында. Соның нәтижесі ретінде, қадағалау тәртібінде Түркістан өңірінде соңғы 3 жылда негізсіз басталған 800-ден аса қылмыстық іс 3 тәулік ішінде тоқтатылған. Осы санның артында қаншама жазықсыз адамның тағдыры, тілегі, сенімі тұр. Міне, сондықтан да біз Мемлекет басшысының жолдауларында жүктелген тапсырмалардың әрқайсысын–азаматтар өмірін, мүдделерін, қазығы мен бостандығын қорғауға бағытталған пәрменді тетік деп қабылдаймыз.

–«Естітін Мемлекет» қағидасы ашықтық пен сенімге құрылған. Ал прокуратура халықтың үнін дер кезінде естіп, шара қабылдай алып отыр ма?

–«Естітін Мемлекет» қағидасының басты формуласы – ашық диалог, қолжетімді қызмет, жедел байланыс. Прокуратураны да халыққа жақын еткен осы қағидалар. Түркістан облысы прокуратурасының бастамасымен кез келген қазық бұзушылыққа тосқауыл қоюда азаматтар белсенділігін арттыру аса өзекті. Осы мақсатта «Бұзушылыққа тоқтам» атты пилоттық жобанықолға алған едік. Бүгінде әр ауданда осындай 17 телеграм-бот ашылып, қолданысқа

қолдау, ел ертеңіне салынған қаржының мақсатқа сай жұмсалудың қадағалау қалай жүзеге асырылуда?

– Бұл жұмыста Мемлекет басшысының «Ел экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға қатысты шаралар туралы» Жарлығы басты бағдарға айналған. Осы Жарлыққа сай прокуратураға жүктелген міндет айқын. Ол – бизнесті жүргізу мен инвестиция тарту үдерісін барынша ашық, түсінікті және жеңіл ету. Сонымен бірге инвесторлар бетпе-бет келетін мәселелер мен кемшіліктерді жедел шешу өзекті. Біз инвесторларды – ел экономикасына қозғау салушы, ел еңсесін тіктеуші, елдің табысын еселеуші тетік ретінде қарап, оны заңдық тұрғыдан қорғауымыз керек.

Қазақстанның әлеуетіне сенгендіктен болар соңғы жылдары қаржысын біздің өндіріске салатын шетелдік инвесторлар көп. Айталық 2025 жылдың сегіз айында Түркістан облысына 783 млрд теңге инвестиция бағытталып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда салынған қаржы 125%-ға өсті. Инвестицияның көбеюі өңірдің түрленуіне, аймақтың қуатты өлкеге айналуына, көптеген жұмыс орнының ашылып, табысты азаматтар қатарының өсуіне ықпал етуде. Ал осы ел игілігіне жарайтын қаржы мақсатына сай жұмсалып, инвесторлардың қазығының бұзылмауы – прокуратураның жіті бақылауында.

Мемлекетте кәсіп жүргізуге қажетті құжаттардың реті бекітілген. Соған сай бір жобаны бастау үшін инвесторларға бірқатар қарылымдардың тексеруінен өтіп, рұқсатын алу қажет. Осы қарылымдардың бірі рұқсатты кешіктіріп беріп, қолдан кедергі жасаса, инвесторлар жұмысы ақсайды. Ал қазір уақыттан бағалы, сенімнен қадірлі не бар? Прокуратураның да мақсаты инвесторларға Қазақстанның ең қауіпсіз, ең сенімді ел екендігін қазықтық құралдар арқылы растау.

Сондай-ақ Президенттің бастамасымен – инвесторларды қорғау бағытында «Прокурорлық сүзгі» тетігі енгізілді. Бұл жоба бойынша мемлекеттік органдар инвесторға қатысты кез келген тыйым салу немесе шектеу әрекетін қолға алар алдында прокуратурамен міндетті түрде келісуі тиіс. Осы механизмнің көмегімен прокурорлар екі жылда 31 инвесторға қатысты уәкілетті органдар тіркеген заңсыз әкімшілік істердің күшін жойып, 17 инвесторға қатысты заңсыз тексеруді тоқтатты.

Одан бөлек инвесторлар арасында жедел өзара іс-қимыл жасау және тиісті ақпарат алмасу үшін «Turkistan Invest ОП» атты «WhatsApp» мессенджері құрылған. Инвестжобаға қатысты сұрақ туындаса, прокуратура органына немесе «WhatsApp» мессенджеріне жазба қалдыра отырып, шағым түсіруге бола-

ды.

–Қазықтық зайырлы мемлекетте азаматтар зорлық көрмеуі, азаптауға ұшырамауы маңызды. Бірақ, күнделікті өмірде мұндай жағдайлардың орын алып жататыны жасырын емес. Бүгінде азаптаумен байланысты қылмыстық істерді тергеп-тексеру прокуратураға жүктелгені білеміз. Қадағалаушы орган азаптауларға қарсы тұра алып отыр ма?

–2023 жылы Түркістан облысының прокуратурасында азаптау фактісі бойынша 51 қылмыстық іс тіркелген. Осы тіркелген 4 қылмыстық істе азаптау қылмысын 11 полиция қызметкерлері жасаған. Халықты қорғайды, қолдайды деп жүрген полицейлердің азаптау әрекеттерінің ортасында жүруі, әрине, өкінішті. Алайда, біз әлі күнге мұндай теріс әрекеттерден арылмай келеміз. Кешенді іс-шаралардың арқасында азаптау қылмысының тіркелу динамикасы күрт азайып, 2024 жылы 18 іс тіркелсе, олардың барлығы қылмыс құрамы болмауына байланысты тоқтатылды. Ал 2025 жылы азаптау бойынша 1 ғана іс тіркелген. Осының өзі прокуратураның үйлесімді жұмысын көрсетсе керек.

Өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқару үшін облыстық прокуратура полиция ғимараттарындағы бейнебақылау камераларының толық жұмыс істеуіне, «соқыр» аймақтардың, заңсыз ұсталған, жеткізілген азаматтардың бар/жоғына, прокурор бөлмесінің жабдықтауына мән беріп, тұрақты тексеруде.Кешенді жұмыстар нәтижесінде облыстық полиция бөлімдері толық бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілді.

–Президенттің Жолдауында жаңа технология жетістіктерін барлық сала жұмысына пайдаланып, жасанды интеллект көмегіне жүгінудің кезек күттірмейтіні айтылды. Прокуратура өз қызметінде сандық технология мүмкіндіктерін қаншалықты қолданады?

– Цифрлық ел болу бір күннің, болмаса бір сәттің мәселесі емес. Бұл көп болып жұмыла атқаруды қажет ететін ауқымды іс. Әрі біз сандық технология жетістіктерімен бүгін ғана бетпе-бет келіп тұрғанымыз жоқ. Азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша іс-шаралардың қолға алынып, оң нәтиже бергеніне біраз уақыт болды. Соның ішінде Прокуратура тарапынан жасалған бірқатар цифрлық жобаларды көпшілік күнделікті тұтынып келеді.

Жасанды интеллектіні жаңашылдықтардың өзегіне айналдыруға көптің ниеті, елдің талабы қозғау салғаны белгілі. Қазір әлем сандық технология эволюциясында өмір сүруде. Халықтың негізгі сұранысы, қажеттілігі – интернет, жасанды интеллектпен байланысты. Соған орай мемлекет те өзінің бағыт-бағдарын өзгертіп, қызметін тұтынушы талабына сай жандандыруы керек. Сон-

дық орталық», «Геокарты», «Сот кабинеті» және т.б. ақпараттық жүйелер күнделікті қолданылуда, бұлар өз кезегінде жұмыс барысында тиімділігін тигізіп келеді.

Қазақтың маңдайалды жазушысы Мұхтар Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш шарт керек: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң тәртіп керек», – деген екен. Сол айтпақшы, елдік мұратқа көп болып ұйып, күш біріктіргенде ғана жетуге болады.

–Прокуратура тарапынан қолға алынған сандық жобалардың нәтижесі қандай? Ізденістер ел көңілін шығып жатыр ма?

– Прокуратурадағы кез келген жоба, әрбір бастама–терең ізденіс пен тынымсыз еңбектің нәтижесі. Көпшіліктің көңілінен шыққан, азаматтардың қажетіне жараған жобалар ғана өміршең. Біз осындай өміршең жобалар дайындауға күш саламыз. Мысалы комитет порталында адамдарды іздеу бойынша 5 бөлім бар. Соның арқасында алимент бойынша берешегі бар азаматтардың тізімін іздеу өте жеңіл. Алимент төлеуден жалтарғандарға, сот орындаушылары белгілі бір шектеулер қоятыны белгілі. Әрі мұндай борышкерлер іздеу тізіміне енгізіледі. Біздің қызметімізде осындай іздеуде жүрген мыңға жуық адам бар.

«Балаларды іздеу» деп аталатын бөлімде 7 жасқа дейінгі жоғалған балаларға қатысты ақпарат жинақталған. Порталда қылмыскерлерді, борышкерлерді және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеу барынша ыңғайлы. Мұнда кез келген адамның іздеуде екенін тексеруге болады. Мысалы, сіз жұмысшылар тобын жалдайсыз, өзіңізді және отбасыңызды қорғау үшін порталға олардың атын енгізіп, іздеуде тұрған, тұрмағанын білу оңай.

Прокуратура қылмыстық, әкімшілік және азаматтық-қазықтық салаларда қазықтық статистиканы жинап қана қоймай, ақпаратты алудың ыңғайлы әдістерін де дамытып жатыр.

–Биылғы жолдауда Мемлекет басшысы Цифрлық кодексті дайындаудың маңызды екенін атап өтті. Бұл кодекс қолданысқа енсе, не өзгеруі мүмкін?

– Сандық технологияға қатысты сауаттың кемдігі, азаматтардың жеке басына қатысты ақпараттарға салғырт қарауы салдарынан кибер алаяқтық күн санап көбеюде. Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалады деп күтілуде.

–Бүгінгі өзекті тақырыптағы сұхбатыңызға үлкен рахмет! Еңбектеріңіз жемісті болсын!

**Сұхбаттасқан:
Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**



Тағымды ғұмыр кешкен асыл азамат

Тектіден тегін перзент тумайтыны ақиқат қой. Ондай адамның ел сүйсінетін асыл қасиеттері бала кезінен байқалады. Ұстаз, өлкетанушы, ғалым, Созақ ауданының Құрметті азаматы Сүлеймен Тәбризұлының да көптің бірі болмайтыны сол оқушы кезінен анық еді-дейді көзін көрген кісілер. Жас кезінен бастап баспасөз беттерінде мақалалар жазумен шұғылданып, аудандық, облыстық газеттерде түрлі мақалалары жарияланып тұрды.

Сүлеймен Тәбризұлы Тәңірдің жазуымен Созақ ауылында мешіт салынған дін тараушы Шайы-Ахмет Ишанның төртінші ұрпағы болып 1936 жылы 17 қаңтарда Созақ кентінде дүниеге келген. Әкесі Уәлихлы Тәбриз сауатты, көп сөйлемейтін, қолынан келсе жұртқа жақсылық жасауға дайын тұратын момын кісі еді. Шешесі Шәлкен Әксібайқызы қолынан барлық іс келетін, көргені мол, есігінен кісі үзілмейтін, дастарханы жиылмайтын өте инабатты адам еді. Бұл отбасынан үш ұл, бір қыз болды, үлкен әпкесі Меңсұлу, ағасы Бекен, інісі Махмұт.

Сүлеймен Тәбризұлы 1954 жылы қазіргі Созақ орта мектебін, 1962 жылы Ташкент мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институтын өте жақсы деген бағамен бітіреді де, Ташкент политехникалық институтының шет тілдер кафедрасына оқытушы болады.

1965 жылы науқас әкесінің жағдайымен елге оралып, өзі оқыған мектепте мұғалім болады. 1967-70 жылдарда аудандық партия комитетінде білім қызметкері болып, арнайы жолдамамен Алматы Жоғары партия мектебіне жіберіледі.

1973-82 жылдары Құмкент совхозы партия комитетінің хатшысы. 1983-1993 жылдары Созақтағы Ленин орта мектебінде жұмыс істеп 1993 жылы зейнеткерлікке шықты.

1995-1997 жылдары А.Яссауи атындағы ХКТУ-дың «Ата мұра» бөлімінде ғылыми қызметкер, 1997 жылы Созақтағы Қарабура әулие кесенесінің басқарушысы болып қызмет жасады.

Зайыбы Ахатаева Ұлжан мектепте мұғалім қызметінде болып зейнетке шыққан, «Алтын алқа» иегері. Жанұясында 4 ұл, 3 қыз бар, бәрі де жоғары білімді, әр салада қызметте.

Үлкен ұлы Нұрлан 1966 жылы дүниеге келген. Қарағанды Медицина академиясында кафедра меңгерушісі, медицина ғылымының докторы, профессор. Жұбайы Халимова Мадина информатика пәнінің мұғалімі. Екі қыз, бір ұлы бар. Қызы Құралай- көз

дәрігері, жолдасы Нұрлан-кәсіпкер. Екінші қызы Айгүл-тіс дәрігері, жолдасы Жеңіс те тіс дәрігері, қызы Көркем, Ажар. Нұрланұлы Алихан студент, Америкада оқиды.

Екінші ұлы Ерлан 1968 жылы дүниеге келген. Қарағандыда жоғары категориялы халықаралық дәрежедегі есеп қызметкері. Жұбайы Еденбаева Загира бастауыш сынып мұғалімі. бір ұлы, бір қызы бар. Ұлы Нұржан-дизайнер, қызы Арайлым-туризм саласы.

Қыздардың үлкені Гүлзада 1970 жылы дүниеге келген. Шымкентте жоғарғы санаттағы терапевт-дәрігер. Жұбайы Сүйіндіков Нұрболат. Полиция қызметкері. бір қызы, екі ұлы бар. Дидар- тіс дәрігері, Мағжан- мұғалім, Бекарыс- есеп қызметкері.

Екінші қызы Үрзада 1972 жылы дүниеге келген. Таукент елді-мекенінде С.Кеңесбаев атындағы мектепте тіл-әдебиеті пәнінің жоғарғы санаттағы мұғалімі. Жұбайы Мырзабеков Ошақбай-кәсіпкер. Екі ұлы бар. Жанболат-IT саласының магистранты. Өркен- студент.

Ұлдардың екіншісі Ербол 1974 жылы дүниеге келген. Таукент елді мекенінде тіс дәрігері. Жұбайы Анетова Раушан-бастауыш сынып мұғалімі. Қызы Сымбат-дизайнер, жұбайы Төлеген. Балалары Ахмад, Илияс.

Фарида- мейірбике, Асия, Амин, Робия атты үш қызы бар. Сүлейменқызы Жанар 1976 жылы туылған. Тайқоңыр елді-мекенінде инженер. Жұбайы (Маханов Нұртас). Екі қызы, бір ұлы бар. Анель-студент, Нұрым- Н.Назарбаев мектебінде оқушы, Әлия-оқушы.

Кенжесі Ғалымжан 1981 жылы туылған. Таукент-КАТ-КО да есеп қызметкері. Жұбайы Файзуллаева Лаура-«Созақ» мектеп-гимназиясында Көркем еңбек пәнінің мұғалімі. Екі қызы, екі ұлы бар. Айғаным-студент, Шұғыла, Әлинұр, Бекнұр- оқушы.

Еліміз Тәуелсіздік алған 90 жылдардың басында-ақ бұрын айта алмай жүрген Созақ тарихшылары білек сыбанып шыға келді. Уақытына қарай бірді-екілі кітап шығарып та көрді. Бірақ Созақ тарихы ешкімнің көңілінен шықпады. Осы үлкен мәселенің түйіні Созақтық тарихшы Сүлеймен Тәбризұлының 2002 жылы «Созақ өңірі» деген кітабы жарқ етіп шыға келгенде табылғандай болды.

Тарихшы зерттеу дерегін «Созақ шаһары» тақырыбымен бастайды. «Созақ-қазақ хандығының тірек қаласы», дейді тарихшы. Сөйтеді де қазақтың алғашқы хандары

Жәнібек, Керей, Бұрындық, Қасым, Тәуекел хандар жайлы әңгімелейді. Созақтағы Ақназар деген жердің хан атымен қойылғанын дәлелдейді. Көпшілік біле бермейтін жайт 1864 жылдан патшалық Россия қарамағына өткен Созақта шарифат жолымен үкім шығаратын қазылар сот Ысқақ, Мәдияр, Райс қазылар, олардың ел ішіндегі билігі жайлы қызықты әңгімелер беріліпті.

Созақта сауда кәсібі кең көлемде дамыған. Ел егіншілікпен айналысады, су диірмендер жұмыс істепті. Созақ байлары медреселер салып, балаларын оқытудан дүниесін аямапты. Кезінде 20-ға жуық мешіт пен 14 медресе, болыстарға тілмаш даярлайтын бір орыс түзем мектебі болыпты. Медреселерде Абдали, Бөбежан, Мұсалы, Өтеп сынды терең білімді дамылалар дәріс беріпті. Кітапта сондай-ақ Қарабура әулие, Шайы-Ахмет ишан және олардың ұрпақтары туралы көп мәліметтер бар екен.

1930жылы Созақ көтерілісі әлі күнге дейін толық зерттеліп, бір жүйеге түспей келе жатыр еді. Автор Созақ көтерісі жайлы архив деректерімен салыстыра отырып көтеріліске қатысқан немес

Осы рулардан шыққан Сеңгірбек, Ерубай, Ерден, Шілменбет билер, Абақ, Рамат, Барақ батырлар жайлы құнды деректер, әсіресе ел аузында әртүрлі айтылатын Уанас, Ақсұмбе-Ақбикеш, Өлке туралы аңыз-әңгімелер тартымды оқылады.

«Созақ өңірі» араға 5жыл салып, биыл толықтырылып шығыпты. Кітаптың бұрынғысына 2 бөлім қосылыпты. Осының 2-ші бөлімі «Күй дастан» тақырыбымен басталып, Ықылас Дүкенұлы, Сүгір Әліұлы, кешегі Төлеген Момбеков, күйші Жүзбаевтар әулеті жайлы тебірене жазылыпты. Ауыл аралас қой қоралас отырып, осы өнер адамдары туралы көп біле бермейді екенбіз, бұл тарауларда тың деректер тіл қатады.

Сүлкең шаршамайтын ізденпаз, талмайтын еңбекқор кісі екен. Еңбек ете жүріп, қаламын тастамапты, әрі «мен осындай едім» деп ешкімге тіс жармапты. Біз мұны 1996 жылы «Қарабура әулие», 1998 жылы «Қарабура әулие қыздары», «Шәмші шыңы» және әңгімелеген отырған «Созақ өңірінің» 2 кітабы шыққанда ғана біліп, танып отырмыз. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін, тарихшылар сөз алды. Сонда әре-сәре

«Зеңгі баба кім болған?» деген мақала.

2007жылы 29 қыркүйегінде «Оңтүстік Қазақстан» газеті Сүлкеңнің «Керей мен Жәнібек Шу мен Мойынқұмның қай тұсына тоқтаған?» деген мақаласын жариялады. 1997 жылы осы газет жариялаған «Ақназар» атты зерттеу мақаласы шықты.

Түркістан газетінде «Алаш және Созақ көтерілісі» деген мақаласы Алаш қайраткерлерін есте қалдыру мақсатында «Алаш және Рух» деген тақырыпта ынталандыру сыйлығын алды. Елдің, жердің, ондағы тұратын халықтардың тарихын зерттеп бірнеше кітап, мақалалар жазды.

Елге жасаған еңбектері бағаланып «Созақ ауданының құрметті азаматы», «Қазақстан жазушылар одағының мүшесі» деген атақтарға ие болды.

Сүлеймен Тәбризұлының жазған кітаптарына келсек, 1996 жылы «Қарабура әулие», 1998 жылы «Қарабура әулие қыздары», 2000 жылы «Қарабура әулие зияраты», 2002 жылы «Созақ өңірі» бірінші кітабы, 2006 жылы «Шәмші шыңы», 2007 жылы «Созақ өңірі» екінші кітабы, 2012 жылы «Менің Қазақстаным», 2012 жылы «Қарабура (Бұрахан) әулие», 2013 жылы «Таңбалы тас-қазақ тарихының шоқтығы биік ескерткіші», 2014 жылы зерттеліп, өңделген «Қарабура әулие» атты кітабы жарық көрді.

Сонымен бірге түрлі басылымдарға басылған мақалалары «Созақ шаһары Қазақ хандығының алғашқы астанасы» Оңтүстік Қазақстан 23.12.1995 жылы,

«Кенесары ұрпақтары» «Ана тілі» газеті 01.08.1996 жылы, «Қазақ хандығының Созақтағы әкімі» «Оңтүстік Қазақстан» газеті 13.11.1996 жылы, «Ақназар» «Оңтүстік Қазақстан» газеті 15.01.1997 жылы, «Зеңгі баба кім болған» Ана тілі 20.08.1997 жылы, «Салықбай мерген» «Егемен Қазақстан» газеті 09.11.1997 жылы, «Қаратау әулиелі мекен» «Оңтүстік Қазақстан» 1998 жылы, «Қазақ елдігінің негізін қалаған қасиетті хандарымыздың тағдырына неге самарқау қараймыз?» «Молшылық үшін» 02. 04.2006 жылы, «Керей мен Жәнібек Шу мен Мойынқұмның қай тұсына тоқтаған?» 29.09.2007 жылы, «Естіген жұрт дұға қыл... немесе аталар аманаты» «Оңтүстік Қазақстан» 26.04.2008 жылы, «Алаш және Созақ көтерілісі» Түркістан 23.02.2008 жылы, «Таңбалы нұрадағы Ұлы дала өркениеті» Түркістан 08.07.2010 жылы жарық көрген дүниелері ойлы оқырмандарынан жылы бағасын алды.

Ел тарихына елеулі азамат ел есінде қалары анық.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан журналистер
одағының мүшесі.



қатысқанды көріп-білген пікірлеске және көтеріліс жетекшілерінің туған-туысқандары айтқандары негізінде мол мәліметтер жинақтапты.

Теріскей түгелденіпті. Мұндағы жер, су, түзде жорытқан аң мен құс аттары, жолдар мен асулар, ашық аспан астында маужыраған мазараттар түгел қамтылып, олар жайлы аңыз-әңгімелерге де орын тиіпті. Шолаққорған, Жартытөбе, Құмкент шаһары Созақтың тұрақты жайлаған өзбектер, Қоңыраттар, Уақтар мен кіші жүз тамалар жайлы қысқа да нұсқа деректерден көп мағлұмат алдық.

болған жұрттың назары бірден ауған бір мақала болды. Ол 1995 жылы 19 қазанда «Ана-тілі» газетіндегі Сүлкеңнің «Қазақ хандығының алғашқы астанасы» деген мақала еді. Одан кейін осы газетке «Кенесары ұрпақтары» шықты. Республиканың бас газеті «Егемен Қазақстан» «Салықбай мергенді» жариялады. 1995-1997 жылдар аралығында «Оңтүстік Қазақстан» газеті тарихшының зерттеулерін кезек күттірмей жариялап келеді. Тағы бір ерекше тоқтала кететін нәрсе 1997жылы 20 наурызда «Ана-тілі» газеті жариялаған

Жуырда Т.Әлімқұлов атындағы № 14 мектеп интернат-лицейінде білім мен тәрбиенің шамшырағы болған ұлағатты ұстаздардың еңбегін ұлықтау мақсатында осында еңбек етіп, зейнетке шыққан немесе өмірден озған ардақты ұстаздардың атына арнайы дәрісханалар ашылды. Ұстаз-ұлт келешегінің шамшырағы, жүректерге ізгілік нұрын себуші тұлға. «Ұстаздық-мәңгілік мұратым» атты салтанатты кештің шымылдығы мектеп ұжымының орындауындағы «Ұстазым» әнімен ашылып, көрерменді ерекше әсерге бөледі. Кешті мектептің жас ұстаздары Роллан мен Малике жүргізіп, ұстаздарға деген құрмет пен сағынышты өлеңмен өріп, әнмен әрледі.



Ұстаздық-мәңгілік мұратым

Ұрпақтар сабақтастығы мен ұстазға тағзым

Жүргізушілер кештің мақсатын айқындап, ардагер ұстаздарға, туған мектебіне рухани және материалдық демеушілік көрсетіп жүрген тұлғаларға ерекше алғыс білдірді. Экран арқылы ұсынылған бейнероликтер көрерменнің жүрегіне жол тауып, мектеп өмірінің жаңа тынысын және аттарынан дәрісханалар ашылып жатқан ұлағатты ұстаздардың еңбек жолын паш етті. Кеш барысында ұжымға демеушілік танытқан азаматтардың залың көңінен айтылды. Мәселен, мәжіліс әбегін толықтай жаңартып берген-Анаркүл Ысқаққызы Есенсариева, мұғалімдер бөлмесін заманауи қалыпқа келтірген-Сайлаубек Қорғанбек Асайынұлы, орыс тілі кабинетіне демеушілік жасаған-Жетібәева Баян апайдың ұл-қыздары, математика кабинетін жаңа кейіпке енгізген-Сайлаубекова Кенжетай Асайынқызының балалары, ал ағылшын тілі дәрісханасын толықтай жаңартқан-Мантбекова Құрманай апай мен жолдасы Мұханбетали ағай бұл дәрісханаға әкелері Кәренұлы Әліп ақсақалдың есімін берді. Бұл-ұстазға деген құрметтің, мектепке деген сүйіспеншіліктің, ұрпақ сабақтастығының айқын көрінісі.

Құрмет пен алғысқа толы кеш

Салтанатты жиында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы құттықтау сөз сөйлеп, ардагер ұстаздарға және олардың атынан дәрісханалардың ашылуына демеушілік жасаған ұл-қыздарына мек-

ұжымға шығармашылық табыс тіледі. Кеш барысында ұстаздар мен оқушылардың өнері де көрермен ықыласына бөленді. «Созақ серілері» тобының орындауындағы әсерлі әндер, география пәнінің мұғалімі Қарақожаева Сандуғаштың «Жас ұстаздар ұраны» әні, Асан Біржан мен Тәжібаева Әселдің «Күзгі қайың» туындысы көпшіліктің қошеметіне ие болды. Ал «Асылдай» би тобының «Қамажай» биі мен мектеп мейірбикесі Айдархан Ақботаның орындауындағы «Жолыққан қандай жақсы» әні кешті ерекше әсерге бөлеп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Жаңарған мектеп-жарқын болашақ кепілі

Кеш соңында қатысушылар жаңа кейіпке енген пән кабинеттерінің ашылу салтанатына куә болды. Жаңарған дәрісханалар-ұстаз еңбегінің мәңгілік жемісі мен мектеп рухының символы іспетті. «Әрбір жаңартылған кабинет-ұстаз мейірімінің, шәкірт ризалығының көрінісі. Бұл-ұстаздықтың мәңгілік мұратының белгісі»,—деді кешті ұйымдастырушылар.

Жүректен шыққан ризашылық

Мектеп ұжымы мен шәкірттер демеушілерге шексіз алғыстарын білдіріп, ұлағатты ұстаздардың өнегелі ісін жалғастыра беретіндерін айтты. Осылайша, ұлағатты ұстаздарды ұлықтаған салтанатты кеш соңына өріп, ұстаздар мен шәкірттер арасындағы рухани байланысты нығайтып, жүректерге мейірім мен шабыт сыйлады.

Айта кету керек, мұндай ізгі істердің бұл басы да емес, соңы да емес. Мұнан алдын да ауданымыздың бірнеше мектептерінде аудан әкімінің, білім бөлімінің және атынан дәрісханалар ашылған ардақты ұстаздардың жақындарының демеушілігімен ондаған дәрісханалар, шеберханалар ашылып, мектептердің, ұстаздар мен оқушыларымыздың игілігіне берілген болатын. Әрине, осындай ізгі істердің барлығының басында аудандық білім бөлімінің білікті басшысы мен Тәкен Әлімқұлов атындағы мектеп лицей-интернатының директоры Сәкен Шардарбеков секілді іскер басшылар жүр. Бұл жайлы шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы да Сәуле Дөненбекқызы да қонақтар менен демеушілер де үлкен ризашылықпен айтып, алғыстарын жеткізіп жатты. Ендеше, ауданымыздың білім ошақтарында орын алып жатқан игі ниет, ізгі істер жалғасын таба берсін! Осындай ізгі істерге мұрындық боп жүрген атпал азаматтарымыздың отбасыларына кәсіптері мен нәсіптеріне береке тілейміз!

Данияр БЕК,
«Созақ үні» газетінің аға тілшісі.

Мәдениет қызметкерлері облыстық байқауда топ жарды

Түркістан облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Ауыл – мәдениеттің бастауы» атты ауылдық мәдениет үйлері мен клубтар арасындағы байқауда Созақ ауданының мәдениет саласы өкілдері үздіктер қатарынан көрінді. Байқауға облыс көлемінен 115 мәдениет үйі мен ауылдық клуб қатысып, өзара өнер мен ұйымшылдық, шығармашылық және мәдени қызмет сапасы бойынша сынға түсті.

Нәтижесінде Созақ ауылдық мәдениет үйі жүлделі II

орынға ие болып, аудан мейрмінен үстем етті. Ал Бабата ауылдық клубы III орын иеленіп, үздіктер қатарынан көрінді.

Сонымен қатар, Қымкент ауылдық мәдениет үйінің қызметкері «Үздік мәдениет қызметкері» арнайы жүлдесіне лайық деп танылса, Ақсүмбе ауылдық клубының әдіскері Эльмира Өзбекова «Үздік клуб қызметкері» номинациясын жеңіп алды.

Жеңімпаздарға облыстық мәдениет басқармасы тарапынан арнайы сый-сияпаттар табысталды.



Өрт қауіпсіздігі бойынша дөңгелек үстел өтті

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері Кәсіпкерлер палатасында аудан көлеміндегі тойхана, мейрамхана және қоғамдық тамақтану орындарының өкілдерімен өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Жиын барысында нысандардағы қауіпсіздік талаптарын сақтау, төтенше жағдайдың алдын алу және персоналдың жауапкершілігін арттыру бағыттары талқыланды. Әсіресе эвакуация жолдарының талапқа сай

болуы, өрт дабылы жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуі, пиротехниканы қолдану тәртібі, электр және жылу қондырғыларының қауіпсіздігі секілді негізгі тақырыптар ортаға салынды.

Төтенше жағдайлар қызметкерлері кәсіпкерлерге түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін жауапты мамандардың тұрақты бақылауы мен талаптарды қатаң сақтау қажет екенін атап өтті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Алғыс айтсам деп едім

Мен осы Шолаққорған ауылының тұрғыны, екі немеренің әжесі ретінде немерелерім тәрбиеленіп жатқан «Ертістік» бөбекжай бала-бақшасының басшылығына, ұжымына, оның ішінде «Нұрай» тобының тәрбиеші апайлары Шойбекова Сағыныш пен Көшербаева Рая деген қыздарға ерекше алғысымды айтқым келеді. Балаларымыз түрлі іс-шараларға қатысу арқылы ой-өрісі дамып, қалам ұстауға дағдылануда, күн сайын түрлі тақпақтар жаттап келеді. Тәрбиеші апайлары өте білімді, сыпайы мамандар.

Өткен апта балалармен «Жол ережесін білу-өміріңді сақтау» атты іс-шарада көптеген жол жүру ережесін үйрендік. Басқа да көптеген еңбектері үшін төл баспамыз



«Созақ үні» газеті арқылы ата-аналар атынан алғысымызды жеткізім келді. Бала бақша ұжымы мен тәрбиеші апайлардың еңбектеріне табыс, дендеріне саулық тілейміз.

**Ахметтің апасы,
Рауза Оразханқызы,
ата-ана.**



теп атынан алғыс хаттар мен гүл шоқтарын берді. Әрі қарай аудандық білім бөлімінің басшысы Өтебаев Абай Шәріпбекұлы мен біруақыттары аудан әкімінің нақ осы білім мен денсаулық және мәдениет пен спорт бөлімдерінің жұмысына жауапты орынбасары болған, бүгінде құрметті зейнеткер Сәуле Дөненбекқызы Еденбаева сөз сөйлеп, демеушілер мен ұстаздарға ризашылық білдіріп,

Мемлекет басшысы биылғы қалың жұртқа жолдаған дәстүрлі Жолдауында «Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған. Бірақ агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас жолі қалыптасуы керек» деген болатын.



төлдету кезінде көшу-қону мәселелері барлығын назарда ұстау мал мамандарының, яғни менің міндетім. Сонымен қатар, ай сайынғы есеп беру, кіріс-шығыс құжаттарын реттеу жұмыстары кезек күттірмейді, дейді білікті мман Нұржан Орманұлы.

Осы жылдар ішінде Нұржанның ерен еңбегін бағалаған сол уақыттағы кооператив төрағасы Жауғашты Садырханов бірнеше алғыс хаттармен марапаттайды. Одан кейін өткен жылдары ғана шаруашылық басшысы болған кооператив төрайымы Г.Садырханова да білімді, іскер маманның еңбегін ескеріп алғыс хаттармен және «Тәуелсіздік қыраны» төс белгісімен марапаттайды. Нұржан 2019 жылы іргелі шаруашылықтың малдәрігері болып бекітіледі. 2023 жылы Түркістан облысының «Орман шаруашылығы, табиғатты және жануарлар әлемін қорғау қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық

Дарақ бір жерден көгереді

Биылғы жылды кәсіби мамандар жылы деп жариялагалы бері көптеген оңды өзгерістер болуда деп айта аламын. Ауданда болсын, қалада болсын еңбек адамдарын төрге оздырып, телеарналар арнайы телехабарлар түсіріп, газет-журналдар, арнайы беттер шығарып құрметтеп жатыр. Бұл да болса елдің іргесін нықтайтын, әлеуетін көтеретін, өлкемізді жасыл желекке айналдырып, тәуелсіз елімізді бай елдер қатарына қосатын еңбек екенін дәлелдейтін уақыт жеткенін көрсеткендей. Мен білетін Нұржан мектеп қабырғасында жүрген шағында елгезек, тіл алғыш, ұстаздарымыздың үйге берген тапсырмаларын шамасы жеткенше орындап келуге тырысатын ізденімпаз екпінді (ударник) оқушылардың қатарында болды. Сол уақытта алгебрадан беретін ұстазымыз мектеп қабырғасында үшке, төртке оқитын оқушы жоғары оқу орнында қиналмайды» дейтін. Оны біз түсінбейміз. Сөйтсек көтермелеп қою дегенді ұстаздардың біршамасы қолдамайды екен. Расында Нұржан мектеп бітірген соң Ақтөбе қаласындағы оқу орнына түскенде көптеген студенттердің алдына шықты. Одан жаман болған жоқ. Мен мақаламның басты кейіпкері, Қарақұр өнім өндіруші шаруашылығының мал маманы Нұржан Орманұлын сіздерге жақынырақ таныстырып өтсем, Нұржан 1969 жылы 28 қазанда Ф. Энгельс атындағы кеңестік шаруашылықта дүниеге келді. Мектепке дейін сол уақыттағы советтік балалар іспетті ауылдағы балалар бақшасына барды. 1976 жылы ауылдағы совхоздың атымен аттас Ф.Энгельс атындағы, қазіргі Қарақұр жалпы орта мектебінің табалдырығынан аттайды. Шынашақтай ғана сары бала болатын. Сол шынашақтайлығымен қоса аз-

дап сотқарлығы да бар еді. Бүгінде барлығын сырып моп момақан атанып, қой аузынан шөп алмас болып кетпесе де аздап ысырып, азайтып келеді. Бозбала Нұржан аталмыш мектепті бізбен бірге бастап, бізбен бірге 1986 жылы қажетті біліммен бітіріп шықты. Жоғарыда айтып өткенімдей 1986 жылы Ақтөбе қаласына оқуға түседі. Араға жыл салып, студенттік қызықты күндердің бірінде яғни, 1987 жылы қақаған қыстың ортасы, желтоқсан айының бірі күні әскер қатарына шақырылып, отан қорғау қызметіне алынды. Ол уақытта армияға барасың ба десе ер жігіттер қуанып, аспанға секіретін. Ол үлкен азаматтық міндет болатын. Бүгінгі жастар да өте құштар болып жүр. Бірақ әскердегі бұзақылықты тиісті органдар тоқтата алмауы себепті, біреуі жалғзынан, біреуі жанашырынан айырылғысы келмейтіні шындық. Әңгімеге қайта оралсақ, Нұржан өзінің әскери қызметін екі жыл бойы Куйбышев қаласындағы «Гражданская оборона» біздің ше азаматтық қорғаныс, яғни төтенше жағдай әскери полкінде қызметін өтеп, абыройлы атқара білді. Ержүректілігі мен әскери тәртіпті берік сақтағаны үшін әскери командование атынан 1988 жылы «аға сержант» шенін қос иығына іледі. Ол уақытта аға сержант атану екі жігіттің бірінің қолынан келе бермейтін. Бұл жерде Нұржанның етінің тірілігі, көзінің ашықтығы, командирлермен тіл табысы білуі, өзімен полктас жігіттер арасында асқақ абыройының арқасы екені даусыз. Нұркең сол әскери қызметін 1989 жылы аман-есен аяқ-қолы, дені басы сау күйінде аяқтап елге оралды. Келген соң малдәрігерлік оқуды қайта жалғастырады. Сөйтіп 1991 жылы оқуды бітіріп елге келеді. Қарақұрға құрдан құр екі қолы са-

лақтап жетіп келмей Ақтөбенің айдай сұлу аруы Күлән құрдасымызды қармағына іле келеді. Жас жұбайлар ауылға келген соң үйленіп жас шаңырақтың іргесін көтерді. 1991 жылы қыркүйекте алғашқы еңбек жолын бастап, Фридрих Энгельс атындағы совхозға егіс бригадирі болып жұмысқа орналастым. Совхоз басшылығы білікті маманның аяқ алысын байқап 1992 жылы звено жетекшісі қызметіне тағайындады. Бұл уақыт республика бойынша баяғы совхоздар тарап, көп шаруашылықта бей-берекетсіздік туындап, жұрт біткен лажы болса өз үлестерін алып қалуға тырысып жатқан қарбас кезең болатын. Сондықтан кадрларда аз жалақыға қанағаттанбай саудаға, енді бірі өздеріне қолайлы деп өндіріс орындарына кетіп жатты. Нұржан қара шаңырақтан, ауылдастарының ортасынан кетпей 1993 жылы №1 фермаға қоймашы болып қабылданады. 1994 жылы бұл совхозда Үкіметтің қаулысымен тарап, жаңадан «Қарақұр» өндірістік кооператив болып құрылып, қолдағы бар үлестерін ортаға салып өз бағытынан таймай еңбек етіп жатты. 1995 жылы Нұржан аталмыш фермаға ферма зоотехнигі болып жұмысы ауысады. 1998 жылы ірі қара түйе табыны болып табылатын ферманың бастығы болып, тағайындалады.

-Таң азанымен шаруашылықтарды аралаймын. Қазіргі күні ең басты мәселе малдарды уақтылы емдеу, төтеннен келетін аурулардың алдын алатын арнайы екпелерін егу, жайылымдарды аралап көріп, қай жерге малшыларды қондыру, қай жердің оты жақсы, қай тұста улы шөптер бар. Шопандардың қыс қораларының жайлылығы, жем-шөп қорын мал отарларына уақтылы жеткізу, төл алу науқаны, малдың

бірлестігінің төрағасы С.Шалданбаев мырза еселі еңбек етіп, мал шаруашылығы саласында үздік нәтиже көрсеткенін үшін «Еңбек даңқы» медалімен марапаттайды.

Ұзын сөзің қысқасы 1991 жылы оқу бітіріп келген уақыттан бері отыз бес жыл көлемінде, тапжылмай бір шаруашылықта, бір еңбек кітапшасындағы жалғыз тіркес бұйрықпен зоотехник-малдәрігер қызметтерін қатар алып келеді. Дарақ бір жерден өніп, бір жерде көгереді деген осы шығар.

-Бүгінгі таңда еліміз бойынша таза өнім тұтыну, отандық өнімді дамыту, бос жатқан, игерілмей жатқан жерлерді шаруаларға беру мәселесі күн сайын көтеріліп жатыр ғой. Өз Жолдауында Президентіміз: «Игерілмей бос жатқан және заңсыз алынған ауыл шаруашылығы жерлерін кері қайтарып, оны қайта бөлу туралы тапсырма бердім. Жер иесіз қалмауға тиіс, жерді тек қана оның қадірін білетін азаматтарға беру керек» деген болатын. Сондықтан да алдағы уақытта мемлекет шаруаларға жер беріп жатса, өз жеке қосалқы шаруашылығымды дамытуды да қолға алсам деймін, дейді іскер шаруагер Нұржан Қалдыбеков. Ол құдай қосқан зайыбы Күлән екеуі Албина, Айдан, Руслан, Арайлым, Фариза, Аслан атты алты ұл-қыз тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы иесі. Құдайдың берген 11 немересі бар. Нұржан бауырымызға алдағы уақыттарда шаруашылықты дамыту бағытындағы еңбегіне толағай табыстар, отбасына амандық тілеймін. Егемен еліміздің дамуы мен өрлеуіне жұмыс жасап жатқан осындай ауыл еңбеккерлерінің абыройлары арта берсін!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

«Созақ үні» газетіне-95 жыл

Қ.И.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясы КММ-нің кітапхана бөлімінде «Созақ үні» газетінің 95 жылдығына орай мектепшілік газет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге 4 және 10 сынып оқушылары қатысты. Көрме барысында газет тарихының алғашқы кезеңінен бергі атаулары сонымен қатар газет редакторларының еткен еңбектері жайлы ақпараттарды оқушыларға түсіндіре отырып, «Созақ үні» газетінің әрқашан да ауданымыздың айнасы екендігіне

шолу жасалды.

Газет-басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері сияқты, үнемі даму үстінде болатын жанды жүйе. Оның әдеби тіл тармақтарына, тұтастай алғанда қоғамға жасайтын ықпалы зор. Газет тілі де ғасырдан ғасырға ұласу барысында молығып, шыңдала түседі, жаңарады. Газет тілінің өзіндік эстетикалық сипаты бар. Соған сай, оның да өзіндік міндеттері мен қызметі айқындалған. Осылайша шара барысында оқушыларға ауданымыздың айнасы «Созақ үні» газетінің тарихы мен тағылымы, оның қоғамдағы рөлі қаншалықты маңызды екендігі түсіндірілді.

Салтанат БАЖЕНОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі.

Көп болсын елге жақсы хабарларың!

Өзіндік орыны бар сай басына,
Оқырманның ой салар пайдасына.
Тоқсан беске толыпты толағайдай,
Созақтың «Созақ үні» айнасы да.

Үнің неткен, ғажайып асқақ үн ең,
Тарихыңды көріде, жаста білер.
Атыңды өзгертіпті алты мәрте,
«Социалды шаруа» боп басталып ең.

Оқырманның елжіреп ет жүрегі,
Тілші деген газеттің тектілері.
Жадыратып Теріскей жаңалығын,
Суретімен әсемдеп жеткізеді.

“Созақ үні” әр үйге өркелесін,
Журналистер сол үшін тер төгесін.

Теріскейлік аяулы оқырмандар,
Көтерейік басылым мәртебесін.

Түсе берсін асығың алшысына,
Шыға бер оқырманға балды ұсына.
Жұмысшы бар, малшы, ұстаз,
кәсіпкердің,
Қолдан түспес айналған жаршысына.

Кешіксе бір нөмерің алаңдадым,
Қалаймын көп тиражбен таралғанын.
Тілейтінім өзіңе “Созақ үні”,
Көп болсын елге жақсы хабарларың!

Айдана ЖАПЕНОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапханашысы.

«БЖЗҚ» АҚ жыл басынан бері көрсеткен қызметтердің 98%

цифрлық форматта іске асырылған

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (Қор/БЖЗҚ) қазақстандықтарға цифрлық форматта түрлі қызметтер көрсетеді және оларды клиенттердің қажеттіліктеріне бейімделе отырып дамытуды жалғастыруда. Қордың сайтта және мобильді қосымшада 24/7 режимінде көрсететін қызметтерінің қолжетімділігі салымшылардың қызығушылығын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

01.01.2025ж. мен 30.09.2025ж. аралығында халыққа шамамен 33,7 млн қызмет көрсетілді. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 20 млн-ы электрондық форматта, 12,6 млн автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, автоматты, электрондық және қашықтықтан көрсетілген қызметтердің үлесі жалпы санның 97,9%-ын құрады. Қор қызметкерлері салымшыларға 724,4 мың қызметті жүзбе-жүз көрсетті, оның ішінде 708,9 мың қызмет тікелей Қордың кеңселерінде жүзеге асырылды.

Естеріңізге сала кетейік, барлық зейнетақы шоттары БЖЗҚ-ға бірінші жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған азаматтарына нысаналы талаптар автоматты түрде есептеліп, “Ұлттық қор–балаларға” бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды алушыларға нысаналы жинақтарды есептеу және есепке алу үшін нысаналы жинақтау шоттары ашылады.

Жеке зейнетақы шотынан, шартты зейнетақы шотынан (ШЗШ), сондай-ақ нысаналы жинақтау шотынан (НЖШ) үзінді көшірме алу бұрынғысынша ең танымал қызмет санатында. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЗШ, НЖШ-дан 21,7 млн үзінді көшірме берілді. Оның 18,3 млн-ы – электрондық, ал 2,9 млн үзінді көшірме автоматты түрде рәсімделді. Шоттың жай-күйіне қатысты ақпаратты жеке кабинет арқылы алу – зейнетақы жинақтарын қадағалаудың ең ыңғайлы, сенімді және жедел тәсілі. Қызмет тәулік бойы (24/7) онлайн режимде жұмыс істейді, бұл ақпаратты кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, egov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтарға өте қолайлы. БЖЗҚ 2025 жылдан бастап жыл сайынғы үзінді көшірмелерді пошта арқылы автоматты түрде жіберу тоқтатылғанын ескертеді. Бірақ, зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты «БЖЗҚ» АҚ атына тиісті сақранысты жіберген пошта арқылы алу мүмкіндігі сақталады.

Салымшылардың (алушылардың) Қор сайтындағы және ұялы қосымшасындағы Жеке кабинеттен үзінді көшірме алудан басқа өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шотының бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т.б. қызметтер қолжетімді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жарамсыз деп танылсын

Құмкент ауылының тұрғыны Татимов Бақтияр Рысбайұлының атына 2007 жылы көлік жүргізуге құқық берілген куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жатқан жерің жәннат болсын анажан!



Шолаққорған ауылының тұрғыны ардақты ана, саналы ғұмырын ағарту саласына арнаған ардагер ғұмыр, аяулы әже **Мұқажанова Рысханым Қабдыкөкқызының** өмірден озғанына жылдың жүзі болды.

Асыл ана, шамын жаққан мектептің, Талай жанды шыбығынан көктейтің.

Әкемізге адал жар боп өттің де, Ұрпағыңа зор мейірімің төктің де. Жайтқан жерің жәннат болсын анажан,

Тілегі сол арттыңдағы көптің дел-деген жүрекжарды сағынышымызды айтамыз. Анамыз Рысханымның рухына құран бағышталып Ә.Жынысбаев көшесіндегі өз шаңырағында **29 қараша кешке 18-00 де қонақасы, 30 қараша күні сағат 12-00 де «Нұр-Аман»** дәмханасында жылдық асы өтетіндігін ағайын-туыс, құда-жекежат, көршілер мен анамыздың көзін көрген замандастарының есіне саламыз. Құран ішінде болып, асқа қатысыңыздар!

Асқа шақырушылар: Әлмағанбетовтер әулеті.

Фортификация - бұл адам денсаулығы үшін қажетті витаминдермен және минералдармен өнімдерін байыту.

Ұнды фортификациялау – теміртапшылықты анемияның алдын алудың әсерлі әрі қолжетімді шарасы. Ең жақсы тәсілі, ұнды дәрумен-

Бидай ұны фортификациялау үшін бекер таңдалған жоқ. Ұн өзінің кең таралғандығы, әмбебаптылығы, күнделікті тұрмыстық қажеттіліктерге жарамдылығының арқасында адам ағзасын темір, фолий қышқылы және дәрумендермен қамта-

зар аударуы қажет. Өйткені, ұнды сатып алған кезде, көбі оның пайдалы қасиеттері туралы ойламайды.

Өзіңізді және жақындарыңызды теміртапшылықты анемияның алдын алу үшін темір және фолий қышқылымен байытылған ұн мен

Фортификациялық ұнның адам ағзасына пайдасы

дер мен микроэлементтерге қалпына келтіру–байыту. Ұн бұл үшін қолайлы, өйткені ұн жаппай азық-түлік қатарына кіреді және фортификацияланады, ал ұн өнімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Темірмен байытылған ұнды тұтыну денеде, темірдің артық болуына әкелмейді. Байытылған ұн мен нан гемоглобин деңгейін қалыпқа келтіреді, егер сіз оларды үнемі жесеңіз.

масыз ететін ең тиімді құрал болып табылады. Байытылу процесі ұнның дәмін, түсін өзгертпейді, пісірілім сапасы бұрынғыдай қалады. Ұн немесе нан тоқаш өнімдерін таңдаған кезде, тұтынушылар тек сұрыпы мен сапасын ғана басшылыққа алмай, сонымен қатар адамның денсаулығына қажетті дәрумендер мен минералды көшендермен байытылғандығына на-

нанды тұтыныңыз. Деніңіз сау болсын!

М.Ногайбаева, «ҰСО» ШЖҚ РМК ТД филиалының Созақ аудандық бөлімше санитариялық зертхана зертанашысы.

М.Тойшыбекова, Зертхана меңгерушісі м.у.а.

Тұмаудан сақ болыңыздар!

Тұмау – тыныс алу жолдарын зақымдайтын вирусқтық жұқпалы ауру. Ол көбінесе күз және қыс айларында тарайды және ауатамшы арқылы жұғады.

Негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі,
- бас, тамақ және бұлшықет ауруы,
- мұрынның бітелуі, жөтел,
- әлсіздік, шаршау.

Жұғу жолдары:

Тұмау – жөтелгенде, түшкіргенде немесе науқаспен жақын байланыста болғанда ауа арқылы жұғады.

Алдын алу шаралары:

- тұмауға қарсы вакцина салдыру,
- қолды жиі жуу және маска тағу,
- бөлмені жиі желдету,
- дұрыс тамақтанып, иммунитетті күшейту,
- науқастармен жақын қатынастан аулақ болу.

Қорытынды:

Тұмау – жиі кездесетін, бірақ алдын алуға болатын ауру. Денсаулықты сақтау үшін гигиенаны сақтау және екпе алу маңызды.

Х.ОСПАНОВ, Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Орманды тілсіз жаудан сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жана-шырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек»-деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тисін десек- орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың көрікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсіп-өнуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өртін болдырмауға сақдай-сай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

Орман өртін болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Нұржігіт АЙТБАЕВ, Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Басты байлық-табиғатымызды сақтайық!

Өрт– абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шөк, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Ормандаз, а таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда.

Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қолымен беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырып қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, көуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Мағжан КЕМАЛОВ, Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман патолог инженері.

"ЖЫЛНАМАҒА АЙНАЛҒАН ЖЫЛДАР!"

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).

Алып лаборатория

ПАВЛОДАР (ҚазТАГ). Павлодар алюминий-глинозем заводы тәжірибе цехының екінші кезегін салау аяқталды. Бұл алып лаборатория-Торғай бекетінен алюминий тотығын айырып алу технологиясын осы уақытқа дейін Байердің схемасы бойынша қолданып келген еді. Ал цехтың екінші кезегін іске қосу бокситтің қызыл шламын айналып тұратын пеште пісіру жолымен одан алюминий тотығын толық айырып алуға мүмкіндік береді. Бұрын қалдыққа кетіп, ысырап болған қызыл шламды пісіруден тұңғыш рет алюминий тотығы алынып отыр.

Жаңа технологияны түпкілікті жетілдіру жұмысының барысында заводтың глинозем өндірісі үшін мамандардың ысылған кадрлары даярланбақ.

Солтүстік Кавказдың колхоздары мен совхоздарына аса құнды азоттық тыңайтқыш ставрополькарбамиді келді. Оны «уақытша схема» бойынша өндіру Невиномск химиялық комбинат жолға қойылған.

«Уақытша схема» идеясы комбинаттың бас инженері В.М. Низяевтің химиктер аммиак синтезі агрегаттарының өнімділігін арттырып, олардың үшеуін төрт агрегаттың жұмысын орындайтын етті. Ал босаған агрегатқа жоғары қысымдағы көмір қышқылы газын қосты.

Жөндеу жұмыстары, құрал жабдықты сынау толығынан аяқталды. Жыл аяғына дейін ауыл шаруашылығына мыңдаған тонна карбамид беріледі.

Зябь жырту мен күздік егу маңызды мәселе

КПСС Орталық Комитетінің ноябрь Пленумы ауыл шаруашылығы өнімдерін молайтудың айбынды программасын жасап берді. Осыған орай өндірістік негізге сай қайта құрылған партия ұйымдары мен өндірістік басқарма ауыл шаруашылық өнімдерін молайтудың жолдарына игі қадам жасады. Әсіресе, елімізде астық молшылығын жасау ісіне баса назар аударылады.

Астық молшылығын жасау егінді күн бұрын агротехникалық ережеге сай егіп айдап, тұқымды кешеуілдетпей себуге байланысты. Егін алдын ала жыртылған зябьке айдалса, онан мол өнім жиналатынын тәжірибе көрсетуде. Осыны негізге алған басқарма шаруашылықтары алдын ала зябь жырту жұмысына кірісті. Зябь айдауды «Жартытөбе» совхозы 107, «Созақ» совхозы 101,7 процент орындады.

Дегенмен келесі жылдың егістігі үшін зябь жырту жұмысы бірқатар шаруашылықтарда өз дәрежесінде болмай келеді. «Бөген» совхозы 8100 гектар зябь, жыртуға тиіс болса, оның күні бүгінге дейін 50 процентінде орындалған жоқ. Бұл шаруашылықтың осы маңызды жұмысқа кіріскеніне 3 айға жуық уақыт болды. Зябь жыртуға қатынасып жүрген 15 трактордың көпшілігі күндік нормаларын орындай алмайды. Меха-



низаторлар арасында социалистік жарыс күшейтілмеген. Жұмысқа кеш шығып, ерте қайтушылық орын алуда. Кейбір трактордың егіс даласында жүруінен тұруы көп.

Совхоз директоры Шоқанов, бас инженері Тұрлыбеков жолдастар совхозда зябь жырту ісінің өте төмен екенін жақсы біледі. Соған қарамастан механизаторлары ішкі мүмкіндіктер мен резервтерді пайдалану ісіне жұмылдырылмай отыр. Қайта зябьке қатынасып жүрген 6 тракторды басқа жұмыстарға жегіп жіберген.

Сол сияқты зябь жырту жұмысы «Құмкент», «Сызған», Калинин атындағы совхоздарда да баяу «Құмкент» совхозы 3750 гектар орнына 20 ноябрьге дейін, небәрі 2417 гектар зябь жыртық.

Келесі жылы егіннен мол өнім алу үшін қайнар көзінің бірі- күздік егу болып табылады. Күздік неғұрлым сапалы айдалып, агротехникалық ережеге сай себілсе оңай жиналатын өнім де мол болмақ. Бірақ басқарма шаруашылықтарының бірқатарында күздік егудің қарқыны да баяу жүргізілуде. Жоғарыдағы «Бөген» совхозы 3350 гектар күздік егуге тиіс болса, онан 2232 гектар ғана екен. Ал «Құмкент» совхозы күздік себуді өте қанағаттанғысыз жүргізуде. Мәліметке қарағанда бұл совхозда күздік егу жұмысында 24 адам, 9 трактор, 3 сеялка жұмыс істейді. Егер осы адам және техника күштері толық пайдаланса, механизаторлар арасында социалистік жарыс пәрменді ұйымдастырылса күздік егуді қысқа мерзімде аяқтауға болады.

Зябь айдау мен күздік егу қазіргі кезеңде ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Сондықтан совхоз басшылары мен агрономдар бұл маңызды мәселеге көңіл аударып, зябь жырту мен күздік егу жұмысындағы оралымсыздықты жоюға міндетті. Егіншілер арасында социалистік жарысты қызу ұйымдастырып, әрбір механизатордың өнімді еңбек етуіне жағдай туғызу керек. Себілетін тұқымның таза, кондициядан өткізілуіне баса назар аударған жөн.

Қылышын сүйретіп қыс келді. Қыс

зябь жырту мен күздік егудің ұзаққа созылуын күтпейді. Сондықтан жер қара, жылымықта зябь жырту мен күздік егу жұмыстарын толық аяқтап шығу қажет.

9 декабрьде КПСС Орталық Комитетінің Пленумы өткізіледі. Осы тарихи күн қарсаңында зябь жырту мен күздік егу жұмысын толық аяқтап, келесі жылы ақ егістен мол өнім алуға күш салу керек.

М.БЕРДІБЕКОВ.
«Социалистік шаруашылық»
№94. 31 декабрь
1956 жыл.

1957-ші жыл

31 декабрь 1956 жылдың ең соңғы күні. Өтіп бара жатқан жыл табыспен аяқталды. Бүкіл Совет халқы сияқты біздің ауданның еңбекшілері де КПСС XX съезінің тарихи шешімдерін жүзеге асыру жолында күрес жүргізуде. Коммунистік партияның дана басшылығының арқасында еліміз жаңа табыстарға ие болды. Бір миллиард 340 мың пұт астық өткізіліп, Ленин орденімен наградталған республика еңбекшілерінің табысы жаңа жеңістердің айғағы бола алады. Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері де мақта жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындап, ірі табыстарға ие болып отыр.

Коммунистік партияның ағалық қамқорлығына бөленген біздің аудан еңбекшілері де табысты болды. Астық өндіру, мал санын көбейту және мал өнімдерін дайындаудың жоспарларын орындап алдыңғы қатарлы аудандарға теңелді. Қоғамдық шаруашылықты нығайту ісінде, әсіресе «Талапты» Куйбышев атындағы, Сталин атындағы колхоздар мен «Тасты» совхозының еңбекшілері қажырлылықпен еңбек етіп, басқаларға үлгі көрсетті.

Бұрынғы жылдармен салыстырғанда 1956 жылы ауданымыздың мәдениеттілігі артты. Сондай-ақ еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі де жақсарды. Калинин атындағы, Сталин атындағы «Талапты» колхоздарының орталықтарында жаңа, әсем құрылыстар салына бастады. Аудан орталығының мәдениеті де жыл санап жақсара түсуде. Аудан орталығында бұрын болмаған монша, электр станциясы дірмен және жазғы кино-театр жұмыс істей бастады.

Біздің алдымызда күтіп тұрған міндеттер орасан көп. қатарынан санағанда алдымыздағы 1957 жыл-алтыншы бесжылдықтың екінші жылы болып есептелінеді. Олай болса, біз СССР халық шаруашылығының өркендетудің алтыншы бесжылдығына лайықты қабылдаған социалистік міндеттемелерімізді орындау үшін күресті бұрынғы дан да күшейте түсуіміз қажет.

Астық өндіру, ет, жүн, қаракөл елтірісі сияқты мал өнімдерін өндіру жоспарының аудан бойынша орындалғанымен бұл көрсеткіштер аудан колхоздары мен совхоздарының мүмкіндіктеріне қарағанда әлі де төмен. Егіннен алынатын өнім тұрақты емес.

Мал шығыны да көп. Міне осы

кемшіліктерді түзету үшін, және 1957 жылы биылғыдан да зор табыстарға жету үшін күрес жүргізуіміз керек.

Аудан колхоздарымен МТС, совхоздарының бүгінгі таңдағы ең басты міндеттері- мал қыстату жұмысы мен көктемгі егіске әзірлік жасау. Егерде осы жұмыстар талапқа сай ұйымдастырылатын болса, социалистік мал шаруашылығы өркендеген үстіне өркендейді, егіннен де сол өнім алынады.

Ауданның сауда, мәдениет, медицина қызметкерлерінен де көп жаңалықтар күтілуде. Олар еңбекшілерге деген қамқорлықты бұрынғыдан да күшейтулері тиіс.

Партия совет ұйымдары еңбекші бұқарасын алда тұрған міндеттерді орындауға ұйымдастыру ісіндегі шеберліктерін арттыра беруі қажет.

Жаңа жылда мұнан да табысты боламыз

Түйе де табысты малдардың бірі, етті мол береді. Ал, жүні өндіріс орындарының қажетіне жұмсалады. «Талапты» колхозының түйе фермасында 429 түйе бар. Бұл түйелер үш адамның жауапкершілігіне берілген.

Исаев Смағұл жолдас өткен жылы 40 інгеннен 16 бота алып, қосымша ақыға 4 бұзау алған еді. Ол 1956 жылы да табысты болды, демек, 54 інгеннен 31 бота өсіріп отыр. Сондай-ақ, түйеші Жұмабаев Жолмахан жолдас та қоғамдық малға бар ықыласымен қарайды. Ол тиемелі түйелерін шығынсыз өсіріп, колхоз басқармасынан жылма-жыл сыйлық алып келеді.

Түйе санын көбейтуге және оның өнімділігін арттыруға қажетті мүмкіндіктердің барлығы бізден табылады. Алдағы уақытта осы мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып, 1957 жылы жаңа табыстарға жетеміз.

А.Өтелова,
түйе фермасының меңгерушісі.

Жаңа жылға тартуымыз

Созақ МТС-нің Калинин атындағы колхозда жұмыс істейтін менің басқаруымағы трактор бригадасының механизаторлары 1957 жылдың көктемгі егісіне қызу әзірленуде.

Біздің бригада Сталин атындағы колхозда жұмыс істейтін қырқынбаев жолдастың басқаруындағы трактор бригадасымен социалистік жарысқа қосыла отырып, 1956 жылдың IV-тоқсанына арналған графикті асыра орындады. Демек, бригаданың механизаторлары барлық қолда бар тракторлардың жөндеу жұмыстарын аяқтап, Қырқынбаевтың бригадасына көмектесуде.

Жөндеу жұмыстарында Дауылбаев, Оралбаев, Әсекеев сияқты тракторист күндіз нормаларын 150 процентке жеткізе орындап келді.

Таяу күндердің ішінде ауыл шаруашылық тіркеу саймандарын жөндеу жұмыстары қолға алынады. Бұл жұмысты да белгіленген мерзімнен бұрын орындауға уәде береміз.

Б.РСЫМБЕТОВ,
Созақ МТС-нің трактор бригадирі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға піір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев